



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№27 (831) Сәрсенбі 5 шілде 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ҚР СЕНАТЫ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТАРЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Парламент Сенатының депутаты Р.Рүстемов және ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары М.Жайымбетов пен М.Ергешбаев Сырдария ауданына қарасты Аманкелді ауылы тұрғындарымен кездесу өткізді.

Кездесуге ауыл ардагерлері, жастар және БАҚ өкілдері қатысты. Халық қалаулылары Парламент қабырғасында талқыланатын жатқан заң жобалары туралы ақпараттармен бөлісті. Партияның сайлауалды бағдарламасы шеңберінде жасалып жатқан жұмыстарды да айтты. Өз кезегінде ауыл тұрғыны Б.Сүлейменов осыған дейін шешімі табылмай келген «Қызылорда – Айдарлы» автожолының биыл жөндеу жұмыстарынан өткенін атап өтті. Аталған автожол партияның сайлауалды бағдарламасының жол картасы шеңберінде жөндеуден өткізілген. Мұнан соң, Аманкелді ауылдық емханасының дәрігері Ж.Амангелдина сөз алып, ауылдық емхана базасы жана флюорография аппаратымен толыққанды атап өтті. Бұған дейін Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді және Бесарық елді мекендерінің тұрғындары аудан орталығына барып, флюорография қызметін пайдаланып келген. Кездесу соңында ауыл ардагері Н.Құдайбергенов халық қалаулыларына ақ батасын берді.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Р.Рүстемов және ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары М.Жайымбетов пен М.Ергешбаевтың Сырдария ауданына сапары барысында Қалжан ахун ауылы тұрғындарымен жүздесті. Мұнда ауыл халқына Парламент қабырғасында жүзеге асып жатқан жұмыстармен таныстырып, азаматтардың ұсыныс пікірлерін тыңдады. Кездесуде ауыл ардагері Б.Дүйсенбаев Қалжан ахун ауылының биыл көгілдір отын тұтынатындығын айтып, өз ризашылығын білдірді.

«Партия үзdesінде тұрып жатыр. Жақында облыста 3 елді мекенге табиғи газ берілді. Жыл соңына дейін 9 елді мекен табиғи отын игілігін көреді деп отыр. Соның ішінде біздің ауылымыз да бар. Қазір ауылда газдандыру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр. Көптен күткен мәселе еді бұйырса шешімін тапқалы тұр деді ақсақал.

Ауыл ардагері С.Кенжебаев ауылдағы Қайы батыр көшесін жөндеу қажеттігін және инфрақұрылымды дамыту бойынша өз ұсынысын жеткізді. Ал, ауылдық ардагерлер кенесінің төрағасы М.Жорабек «Ауыл аманаты» жобасының іске асуын ауыл азаматтары күтіп отырғандығын айтты.

Кездесу соңында депутаттар әрбір ұсыныстың маңыздылығын айтып, кезең-кезеңімен өз шешімін табындығын жеткізді. Мұнан соң халық қалаулылары «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өтіп жатқан фельдшерлік-акушерлік жекетін жөндеу жұмыстарымен танысты.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАҢА АВТОВОКЗАЛДЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАНДЫ



Қызылорда қаласының сол жағалауында жаңа автовокзал ғимаратының іргетасын қалау рәсімі өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлестерін заманауи нысан құрылысының басталуымен құттықтады.

«Ел Президенті мен Үкіметтің жан-жақты қолдауының арқасында аймақта тың жобалар өркен жайып, жаңа нысандар салынууда. Оның ішінде, көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша да ауқымды жоспарымыз бар. Біз өткен

жылдан бері аймағымыздың негізгі қақпасы саналатын әуежай, теміржол вокзалы, автовокзал инфрақұрылымын дамытуға басымдық бердік. Соның нәтижесінде әуежай алаңы жаңарып, жаңа автовокзалдың құрылысы басталуда. Осы

жылдың наурыз айында ел ағаларымен бірге жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қолдауымен құны 15 млрд. теңге болатын «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалының іргетасын қаладық. Бүгінде терминал құрылысы қарқынды жүруде. 2024 жылдың мамыр айында ел игілігіне табыстаймыз.

Енді жолаушылар мен тасымалдаушыларға қызмет көрсететін, барлық стандарт талаптарына сәйкестендірілген заманауи үлгідегі жаңа автовокзал ғимаратының іргетасы қаланбақ. Бұл кешен жолаушыларға қызмет

етіп, жол қатынасының реттелуіне негіз болады.

Мұнда тек автовокзал ғана емес, ірі сауда және қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету орындары, қоймалар, автокөлік жөндеу цехтары да жұмыс істейді. Бәрі де жолаушыларға қолайлы, қауіпсіз әрі ыңғайлы болады», – деді аймақ басшысы.

Рәсімде жерлестерін Жалағаш ауданы және Қызылорда қаласының құрметті азаматы Қожахмет Баймаханов құттықтап, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаулы бата берді.

Жаңа автовокзал пайдалануға берілгеннен кейін барлығы 55 автобус маршруты (124 рейс) ұйымдастырылады. Мұнан бөлек, Ташкент қаласына І халықаралық рейс, 46 ауданаралық, Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Жібек жолы (Черняевка), Ақтөбе және тағы басқа қалаларға 8 маршрут жолға шығады. Нысан жаз мезгілінде күніне 3700-ден астам, қыста мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетуге ыңғайластырылып салынады. Құны 975 млн. теңгені құрайтын жаңа автовокзал құрылысы жыл соңына дейін аяқталып, халық игілігіне қызмет етпек.

Айта кетейік, аймақта жолаушылар тасымалының сапасы жылдан-жылға артууда. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолы қайта жаңғыртылып, аймақ экономикасының өркендеуіне оң ықпал етті. Көлік инфрақұрылымына деген сұраныс артықшылық ескеріп, облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметін жақсарту үшін өткен жылы заманауи 150 жаңа автобус сатып алынды. Биыл да шаһардағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу мақсатында қосымша 150 автобус әкелінбек.

ӘРІШТЕСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті (SeulTech) мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасындағы ынтымақтастық аясында «Халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университеттік жоба» (LUPIC) жүзеге асырылуда. Жоба бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде

жасанды интеллект мектебі құрылып, жасанды интеллект (AI), киберқауіпсіздік (CS) және информатика (IS) мамандары даярланады.

Еске салсақ, Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің (SeulTech) филиалына қатысты бастама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда

жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырмасына орай қолға алынған.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген СеулTech университетінің делегациясымен кездесіп, өзара әріптестік мәселелерін талқылады. Профессор және директор

Часу Ким мен оның орынбасары Сунгтон Ким бастаған LUPIC жобасының өкілдері 9 шілдеге дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде зертханаларды орналастырудың кеңістіктік аспектілерін және бизнес-инкубация орталығын (BIC) құруға қатысты мәселелерді зерттеп, талқылайды.

Еске салсақ, мамыр айында облыс әкімі Н.Нәлібаев Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің президенті Ли Донг Хун мырзамен кездесуде оқу орнының филиалын ашуды ұсынған болатын. Аймақ басшысы өңірде осы жобаны табысты іске асыруға жан-жақты қолдау көрсетілетінін, білім алушыларға жыл сайын облыс әкімдігі, сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігі гранттар беретінін айтты. Мұнан бөлек, Қызылорда облысының даму бағдарламасының бюджетіне кампус пен технопарк құрылысын енгізу жоспарлануда.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қызылорда қалалық мәслихаттың мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебайдың төрағалығымен және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бірінші орынбасары Асылхан Ашиқовтың қатысуымен «Бизнестің жер телімдерін бөлу және олардың қолжетімділігі, сондай-ақ бизнес объектілеріне инфрақұрылымды жеткізу» қызметіндегі Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау қорытындылары бойынша қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Жиын барысында сөз алған Асылхан Амангелдіұлы Департаментпен 17 қаңтар – 27 ақпан аралығында бизнес жүргізу үшін жер телімдерін және ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу барысындағы тәуекелдерге байланысты

сыртқы талдау жүргізілгенін атап өтті.

Осы орайда, осы салаға қатысты жүргізілген сыртқы талдау анықтамаларында көрсетілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сәйкес табылған ұсынымдарға жеке-жеке тоқталып, ұсынымдардың бірқатары бизнес-процесстерді электронды форматқа көшіру, элдендыстағы ақпараттық жүйелерді өзара интеграциялау яғни, орталық деңгейде шешуді талап ететіндігіне назар аударды.

Қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай жер қатынастары саласы бойынша түйікті мәселелерді талқылап, Департамент тарапынан келтірілген кемшіліктер бойынша алдағы уақытта жол бермей, шешу жұмыстарына аса маңызды көңіл бөлу қажеттігін айта отып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмаларды жүктеді.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті азаматтарды келісім-шарт негізінде әскери қызметке қабылдау жүргізуді бастады.

Сондай-ақ, осы жылдың қыркүйек айынан бастап ҰҚК Шекара академиясына, одан бөлек Ресей Федерациясы мен Түркия мемлекетінің жоғары әскери оқу орындарына қабылданатын үміткерлерді ірікттейді. Бұл туралы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік шекараны күзету бөлімінің аға офицері, капитан Еламан Сағындықов хабарлады.

«Шекара қызметіне қабылданатын үміткерлер жоғары немесе арнайы орта білімі бар, мерзімді әскери қызметін шекара бөлімдерінде өткен, 30 жастан аспаған және жүргізуші куәлігі болуы қажет. Біздің өңірде келісім-шарт бойынша әскери қызмет атқаратын азаматтар 20/10 күн бойынша вахталық әдіспен жұмыс істейді. Сондай-ақ, әскери қызметшілердің отбасына қызметтік баспана беріліп, арнайы төлемдермен қамтамасыз етіледі, – деді

Еламан Сағындықов.

Брифинг барысында шекара академиясында білім алғысы келетін үміткерлерге қойылатын талаптар мен керекті құжаттардың тізімі айтылды. Биыл Қызылорда облысынан 30-дан астам талапкер шекара академиясына оқуға тапсырады деп жоспарлануда.

«ҰҚК Шекара академиясына жоғары оқу орындарына тапсыру үшін үміткерлер әскери қызмет өткермеген және 17 жасқа толған болуы керек. Оқуға түсуге кандидаттарды іріктеу бірнеше кезең бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда, медициналық куәландырудан өту, дене шынықтыру дайындығы деңгейін зерделеу, кәсіби жарамдылығын тексеру және психологиялық сынақтардан өтеді. Жоғары оқу орындарын бітірген курсанттарға «лейтенант» атағы беріліп, ҰҚК Шекара қызметінің бөлімшелерінде жұмыспен қамтылады, – деді ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің кадрлар бөлімшесінің бастығы, майор Данияр Жұпарбеков.

«Ел тілегі» ақпарат

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ – 2023» ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен «Қазақстан барысы – 2023» республикалық турнирінің жеңімпазы анықталды.

Финалдық белдесуде Маңғыстау облысының палуаны Нұрдулет Жарылғапов пен күштік құрылымдар арасында өткен «Әскер Барысы» турнирінің жеңімпазы Ғалымжан Қырықбай күш сынасты. «Алтын белбеу» мен 25 миллион теңге Ғалымжан Қырықбайға бұйырды. «Қара Бура» лақап атымен танымал палуан Нұрдулет Жарылғапов «күміс белбеуді» місе тұтты.

Үшінші орын үшін белдесу Павлодар облысының палуаны Мұхтар Дәлелханұлы мен «Әскер Барысы» турнирінің жеңімпазы Марат Байқамуров арасында өтті. Белдесу нәтижесі бойынша Мұхтар Дәлелханұлы қола белбеу иегері атанды.

1 орын – Ғалымжан Қырықбай (Әскер барысы, 145 кг), 25 млн теңге. 2 орын – Нұрдулет Жарылғапов (Маңғыстау облысы, 155 кг), 5,5 млн

теңге. 3 орын – Мұхтар Дәлелханұлы (Павлодар облысы, 115 кг), 1,8 млн теңге.

Еске сала кетейік, елордада Астана күніне орай қазақ күресінен «Қазақстан барысы – 2023» республикалық турнирі өтті. Жарысқа өңірлерде іріктеу кезеңдерінен өтіп, «Қазақстан барысы – 2023» финалына жолдана алған мықты палуандар қатысты. Қазақ күресінен республикалық турнир 2011 жылдан бері тұрақты негізде ұйымдастырылып келеді.

Өр өңірден екі спортшыдан қатысты, олар абсолютті салмақ дәрежесінде оны көрсетті. Биыл қатысушылардың жалпы саны – 41 палуан: әр өңірден екі спортшыдан, сондай-ақ «Әскер Барысы» күш құрылымдары арасындағы турнирдің және өткен жылғы іріктеудің жеңімпаздары қатысты.

Турнирдің бас серіктері – «Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ, сондай-ақ серікестер қатарында «Sport Qoғу» спортты қолдау қоры және «Сәтті Жұлдыз» АҚ.

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағында белгіленгендей, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығы бар. Сондай-ақ Ата Заңымыздың 77-бабының 3-тармағының 3-тармақшасында өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды деп анық көрсетілген.

Аталған ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық процесінің кодексінің (бұдан әрі – АПК) 8-бабының 3-бөлігінде де көрініс тапқан. Сонымен соттылық – бірінші сатыдағы соттарда қаралуға жататын істерді қузыреттілігі бойынша соттар арасында бөлу, яғни азаматтық істі қарауға тиісті нақты сотты белгілеу. Сондықтан соттылық азаматтық процесіте өте маңызды институт болып табылады.

Соттылық Қазақстан Республикасының Азаматтық процесінің кодексінің 3-тарауында көзделген ережелермен реттеледі. АПК-нің 29-бабында Талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Өз кезегінде жеке тұлғаның, оның ішінде заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның тұрғылықты жері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (АК) белгіленген қағидалар бойынша айқындалады. Бұл жерде АК талабына сай азамат тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекен оның тұрғылықты жері, ал азаматтың тіркелген жері оның заңды мекенжайы болып танылады.

Оң төрт жасқа толмаған адамдардың (жас балалардың) немесе қорғаншылықтағы азаматтардың тұрғылықты жері олардың заңды өкілдерінің тұрғылықты жері болып танылады. АПК-да белгіленгендей заңды тұлғаға талап қою құрылтай құжаттарына сәйкес және (немесе) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Заңды тұлға құрмайтын ұйымға талап қою оның орналасқан жері бойынша беріледі.

Сонымен қатар АПК-нің 30-бабының 7-бөлігінде некені бұзу туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша онымен кәмететке толмаған балалары бірге тұрған жағдайда берілуі мүмкін делінген. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процесік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 27 наурыздағы Заңына сәйкес аталған бөлікке толықтырулар енгізіліп (01.09.2023 бастап қолданысқа енгізіледі), жана редакцияда «Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жататын істер бойынша талап қоюларды қоспағанда, некені бұзу туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша онымен кәмететке толмаған балалары бірге тұрған кезде берілуі мүмкін» деп көрсетілген.

СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

24 маусым «Судья мен сот қызметкерлерінің күні» кәсіби мерекесіне орай Қызылорда облыстық сотында салтанатты шара болып өтті.

Салтанатты шараны Қызылорда облыстық соты төрағасының міндетін атқарушы Ж.Бекжанов ашып, сот жүйесі – мемлекеттік биліктің бір тармағы әрі сот билігін Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асыра отырып, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ететінін, сондықтан атаулы датының маңызы екенін атап өтіп, сот жүйесінің жетістіктері туралы айтты. Шарада Сот әкімшілігі департаменті басшысының міндетін атқарушы М.Асанова баяндама жасап, кәсіби мерекенің шығу тарихын айтып, сот жүйесінде жасалып жатқан реформалар мен сот жұмысын ұйымдастырудағы басым көрсеткіштерге тоқталып өтті. Шараның негізгі бөлігі – мерекелік марапаттарды табыстау сәтінде II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен Қызылорда облыстық сотының судьясы С.Жұынбаев; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының «Құрмет грамотасымен» Қазалы аудандық сотының төрағасы Д.Әбдіхалықов пен Қызылорда қалалық сотының судьясы М.Тоғызбаева марапатталды.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС

Қызылорда облыстық сотында аймақтық оқу орталығының ұйымдастыруымен «Азаматтық құқық және процесс» секциясы бойынша семинар сабағы өтті.

Облыстық соттың судьясы Н.Қосановтың төрағалығымен өткен семинарға азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьялары, азаматтық істерді қарайтын соттар мен аудандық соттардың төрағалары мен судьялары қатысты. Семинарда алғаш болып Жалағаш аудандық сотының судьясы С.Амантаевтың «Соттардың жер заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» тақырып бойынша дайындаған баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы АК-ның 117-бабының 1-тармағына сәйкес, жер учаскелері жылжымайтын мүлікке жатады. Осыған байланысты жер учаскелеріне құқық туралы талап арыздар АПК-ның 31-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, олардың орналасқан орны бойынша сотқа берілуі тиіс екенін, егер тараптары заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар болып табылатын жер учаскелеріне құқық туралы талап қоюлар жер учаскесі орналасқан жердегі мамандандырылған аудандарлық экономикалық соттарда қаралатынын атап өтті. Сонымен қатар С.Амантаев сотта жер учаскелерін жеке меншікке және пайдалануға беру, сондай-ақ оларды алып қою туралы Жер кодексінің 16, 17, 18, 19-баптарының талаптарына сәйкес шешім қабылдаған мемлекеттік органның өкілеттігін, жер учаскелерінің орналасқан орны мен шекараларын анықтайды, нақты кенттің, қаланың, ауданның немесе облыстың аумағына кіретін жерлерді куәландыратын құқықтық құжаттарды тексеру барысындағы сот практикасын түсіндірді. Күн тәртібіндегі келесі мәселе тұрғын үйге меншік құқы туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы Қызылорда қалалық сотының судьясы Н.Жанбергенқызы баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзінде осындай санаттағы дауларды жан-жақты және дұрыс шешуді қамтамасыз ету мақсатында істерді сот қарауына дайындау барысында соттар

тараптардың тұрғын үйге құқық меншіктерін және қосалқы меншіктерінің үлес мөлшерін белгілейтін құжаттарды, атап айтқанда қозғалмайтын мүлікті тіркеу органының үйді кімнің атына және қандай үлесте тіркелгені туралы анықтама, мұраға құқықтылығы туралы куәлік, сатып алу-сату, сыйлау туралы келісімдер, тұрғын үйге немесе оның бөлігіне меншік құқығын тану туралы заң күшіне енген сот шешімдері және басқалар талап ететінін айта келе, Қызылорда қалалық сотында тұрғын үйге қатысты қаралған азаматтық істердің статистикасын көрсетті. Келесі болып кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған аудандарлық сотының судьясы Қ.Бержанов «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы" 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 3-тармағы бесінші абзацының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» ҚР Конституциялық Сотының 2023 жылғы 1 маусымдағы нормативтік қаулысы аясында баяндама жасады. Баяндамашы Жоғарғы Соттың қаулысында баланы асырап алу кезінде арыз берушінің жұбайының осы балаға қатысты әке болуы анықталса, арызға әке болуын растайтын молекулярлық-генетикалық сараптамадың қорытындысы қоса берілуі тиіс. Мұндай қорығынды болмаған жағдайда, арыз қайтарылуда жатады деп көрсетілгенін, Конституциялық Соттың нормативтік қаулысына сәйкес аталған тармақтың абазы Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 4-тармағына, 13-бабының 2-тармағына, 39-бабының 1-тармағына, 61-бабы 3-тармағының 1) және 6) тармақшаларына сәйкес келмейді деп танылғанын атады. Семинарды қорытындылаған Н.Қосанов қатысушыларға баяндалған мәселелерді қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС», «ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС» СЕКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША СЕМИНАР САБАҒЫ



Қызылорда облыстық сотында аймақтық оқу орталығының ұйымдастыруымен «Қылмыстық құқық және процесс», «Әкімшілік құқық бұзушылық және процесс» секциялары бойынша семинар сабағы өткізілді. Семинарға қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының, қылмыстық істерді қарайтын соттардың және онлайн режимде аудандық соттың төрағалары мен судьялары қатысты. Оқу семинарды қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжанов ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, алғаш болып баяндама жасау үшін Жаңақорған аудандық сотының судьясы Э.Рысқұлова сөз берді. Баяндамашы соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасын баяндап, кінәлі мойындау туралы мәміле нысанындағы процесік келісім жасасудың негізгі мақсаты қылмыстарды жылдам және толық ашу, тергеу-тексеру және КПК-ның 8-бабында көзделген өзге де қылмыстық процесс міндеттерін заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау, кінәсіздік презумпциясы және қылмыстық процесің басқа

да негізгі бастапқы қағидаларын қатаң ұстана отырып, жасалған келісімге сәйкес соттың сотқа дейінгі жеделдетілген тергеу-тексеру және істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылауын жүзеге асыруы жолымен шұғыл орындауы болып табылатынын түсіндірісін атап өтті. Сондай-ақ Э.Рысқұлова ҚПК-ның 613-бабына сәйкес күдікті, айыпталушы процесік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген; күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өз келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған және жөбірленуші іске қатысқан жағдайда, ол процесік келісім жасасуға келіскен кезде жасалуы мүмкін екенін айтты. Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» тақырыбында Шилей аудандық сотының судьясы Ж.Сарбасованың баяндамасы тыңдалды. Атап айтқанда баяндамашы ӘҚБТК-нің бірқатар баптарына енгізілген өзгерістерге тоқталды. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» республикалық конкурсының өңірлік кезеңінде Н.Нұрбайқызы әссе жүзу арқылы кейсік тапсырманы тиімді шешімін ұсынып, өңірлік кезеңнің жеңімпазы атанып, республикалық кезеңге жолдама алды. Республикалық кезеңде әріптесіміз мемлекеттік қызметтегі өзекті мәселелерді шешу және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметшілерге арналған тұрғын үй жобасын іске асыру және мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру бойынша жоба әзірлеп, республикалық комиссия аясында қорғап шықты. Осылайша, Н.Нұрбайқызы республикалық конкурстық комиссия шешімімен «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» деп танылды.

2022 жылғы 11 шілдедегі ҚР Заңына сәйкес, Кодекстің 590-бабына мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) жоқ немесе пайдалануға тыйым салынғаннан кейін немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралын басқару бойынша әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға алып келеді және осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамқак алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекет – 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға және бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға алып келетінін көрсетті. Ал 613-бапқа енгізілген өзгерістерге сай ішкі істер (полиция), әскери полиция органдары қызметкерінің (тек қана Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қарулы Күштерінің, ҚР басқа әскерлері мен әскери құралымдарының көлік құралын басқаратын адам), көліктік бақылау органдары қызметкерінің ҚР аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде көлік құралын тоқтату туралы заңды талабын орындамау 30 АЕК мөлшеріндегі айыппұл салу 40 АЕК болып өзгергенін атап өтті. Баяндамалардан соң қатысушылар тақырыпты жан-жақты талқылады. Семинарды қорытындылаған Ж.Бекжанов азаматтардың құқығын қорғау басты назарда екені, сондықтан өзгерістер бойынша заң нормаларын қатаң сақтау керек екенін тапсырды.

ҚАЛАЛЫҚ СОТТА ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қызылорда қалалық сотының ұйымдастыруымен «Сот орындаушылардың қаулыларын санкциялау және сот актілерін орындау кезінде орын алған бұзушылықтарды жою» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Іс шараға Қызылорда облыстық сотының судьясы Н.Қосанов, Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Кентбаев, судьялар Н.Төлеш, З.Абдылайқызы, М.Ақынбек, А.Қаршыға, аудандық соттың судьялары (аудандық соттар бейнебайланыс арқылы), талдау және жоспарлау бөлімінің басшысы Г.Сұлтанова және Қызылорда облысы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының өкілдері қатысты. Шараны облыстық сот судьясы Н.Қосанов ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, өз кезегін баяндамашы қалалық соттың судьясы Н.Төлешке берді. Судья өз баяндамасында жеке сот орындаушылармен сотқа атқарушылық әрекеттер туралы қаулылардың санкциялауға жолдау және судьялармен азаматтарды ҚР аумағынан шығаруды және мәжбүрлеп келтіруді санкциялаудан бас тартуының мәселелерін атап өтті. Сөз кезегін алған қалалық сот төрағасы Д.Кентбаев, сот орындаушылардың қаулыларына талдау жасау барысында ҚР аумағынан шығуын уақытша шектеу және мәжбүрлеп келтіру туралы санкциялау сотқа тапсыру кезінде біркелкі жолданбайтындығын, сондай-ақ сол бас тартылған санкциялар қайта жолдау барысында, бас тарту негіздері ескерілмей, еш өзгеріссіз қайта жолданатындығы, яғни бұл аталған санкцияны сотқа тапсыру формальды болмауы қажеттігін ескертті. Шара соңында кездесу қатысушыларымен өзара іс-қимыл мәселелерін шешу және алдағы уақытта жұмыс сапасын арттыру бойынша ұсынымдар қаралды.

ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІСІ АТАНДЫ

Байқоңыр қалалық сотының бас маманы Нұрғұл Нұрбайқызы «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» республикалық конкурсының жеңімпазы атанды. Астана қаласында өткен салтанатты іс-шарада Қазақстан Республикасының белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Жақыпбаев Дархан Медегалыұлы әріптесімізге «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» төсбелгісі мен арнайы Алғыс хатты табыстады. «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі»

республикалық конкурсының өңірлік кезеңінде Н.Нұрбайқызы әссе жүзу арқылы кейсік тапсырманы тиімді шешімін ұсынып, өңірлік кезеңнің жеңімпазы атанып, республикалық кезеңге жолдама алды. Республикалық кезеңде әріптесіміз мемлекеттік қызметтегі өзекті мәселелерді шешу және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметшілерге арналған тұрғын үй жобасын іске асыру және мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру бойынша жоба әзірлеп, республикалық комиссия аясында қорғап шықты. Осылайша, Н.Нұрбайқызы республикалық конкурстық комиссия шешімімен «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» деп танылды.

ЖОБА

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНДА ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАҒАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ ТАРИФІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 19 бабына және «Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 16 қарашада № 7297 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңақорған ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңақорған ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Лауазымы Аты-жөні
қаулысына қосымша
Жаңақорған ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері

№	Маршруттың атауы	Тарифтік бағасы (тенге)
1	Жаңақорған – Құттықожа – Шалқия кенті	250
2	Жаңақорған – Билибай – Байкенеж ауылы	300
3	Жаңақорған – Жаңарық – Әбдіғалпай ауылы	200
4	Жаңақорған – Түткіскен – Келінтөбе – Қаратөбе – Қандоз ауылы	400
5	Жаңақорған кенті – Жайылма ауылы	200
6	Жаңақорған кенті – Кейден ауылы	100
7	Жаңақорған кенті – Жаманбай батыр ауылы	400
8	Жаңақорған кенті – Қыраш – Қосүйеңкі ауылы	300
9	Жаңақорған кенті – Сүтқидық – Қожамерді – Томенарық ауылы	300
10	№1 Қорғантоғай – Саяжай (кентшілік)	80
11	№2 Жанауыл – МАИ бекеті (кентшілік)	80
12	№3 Алтынсарин – Ипподром (кентшілік)	80
13	Жаңақорған кентінің №1, №2, №3 маршруттары (7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар үшін)	40

ПРОЕКТ

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ ТАРИФА НА РЕГУЛЯРНЫЕ АВТОМОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ПАССАЖИРОВ И БАГАЖА ЖАНАКОРГАНСКОМ РАЙОНЕ

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьи 19 Закона Республики Казахстан «Об автомобильном транспорте» и приказом Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 13 октября 2011 года № 614 (зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 16 ноября 2011 года № 7297) «Об утверждении Методики расчета тарифов на оказание услуг по перевозке пассажиров и багажа по регулярным маршрутам», акимат Жаңақорғанского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить тарифы на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в Жаңақорғанском районе согласно приложению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жаңақорғанского района.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования

Должность ФИО
приложение к постановлению
Тарифы на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в Жаңақорғанском районе

№	Наименование маршрута	Тарифная цена (тенге)
1	Жаңақорған - поселок Құттықожа-Шалқия	250
2	Жаңақорған - село Билибай-Байкенеж	300
3	Жаңақорған - село Жаңарық-Абдіғалпай	200
4	Жаңақорған - село Түткіскен-Келінтөбе-Қаратөбе-Қандоз	400
5	Жаңақорған - село Жайылма	200
6	Жаңақорған - село Кейден	100
7	Жаңақорған - село Жаманбай Батыр	400
8	Жаңақорған - село Қыраш-Қосүйеңкі	300
9	Жаңақорған - село Сүтқидық-Қожамерді-Томенарық	300
10	№1 Қорғантоғай-Саяжай (внутрипоселковые)	80
11	№2 Жанауыл-МАИ бекеті (внутрипоселковые)	80
12	№3 Алтынсарин-Ипподром (внутрипоселковые)	80
13	Внутрипоселковый маршрут №1, №2, №3 поселка Жаңақорған (для детей от 6 до 17 лет)	40

2023 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның аты-жөні, лауазымы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы	Сәрсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Ескараев Әділбек Тайжанұлы	Ескараев Әділбек Тайжанұлы	Сейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262140
	Мырза Қанат Әзімханұлы	Мырза Қанат Әзімханұлы	Дүйсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-274959
	Оспанов Тимур Ермеқұлы	Оспанов Тимур Ермеқұлы	Бейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті (8724) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31)31831, Шиелі (8724-32)41067, Жаңақорған (8724-35)22083.

Әкімшілік-құқықтық бөлімінің басшысы

Б.Демесінов

2023 ЖЫЛҒЫ МЫРЗАБАЙ АХУН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА АУЫЛ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒА ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ АППАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адам (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Тәуыпбаев Галым Камидинович	Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі сағат 9 ⁰⁰ -ден 12 ⁰⁰ -ге дейін (апта сайын)	Мырзабай ахун ауылы, Мәдениет көшесі №34	41-5-77

2023 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНДА ҚАРАКЕТКЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ АППАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Токтаров Аділ Токтарұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы	Апта сайын

«ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ӨТІНІШТЕРІМЕН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	«Қармақшы аудандық мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ержанов Дәурен Дауылбекұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі сағат 15.00-17.00	Ізгілеуов көшесі №3 үйі	2-16-07

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 2-10-69.

2023 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНДАҒЫ СЫРДАРІЯ АУДАНЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР МЕН ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАР ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты – жөні, тегі	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Сырдария аудандық экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ахетов Ерлан Дәуітбекұлы	Бөлім басшысы	Жұма 15.00 – 18.00	Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі, №9Б	21-1-84

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

р/с	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Сыздықов Әбілқайыр Әбілпаттаұлы	«Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні Сағ. 15.00-17.00	Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі № 4	21-6-90

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №4 үйде (Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимараты) орналасқан Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімінде 21-6-90 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

«ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Басшының аты-жөні	лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағ. 15-00-ден 17-00-ге дейін

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті Амангелді көшесі №44 - мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде 22-3-24 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

2023 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНДА М.ШӘМЕНОВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Есжанов Галымжан Сансызбаевич	Ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағ:9.00-19.00-ге дейін	М.Шәменов атындағы ауылы, Мәмбет әулие көшесі, №26	37-3-96

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 - V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 27-42-42 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.



Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, **8 771 693 31 81,**
8 705 982 76 61 нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Таспырыс №147

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
<https://ret-gazeta.kz/>